



6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Зоя Бақбергенқызы Алламбергенованың «Алатау бәйшешегінің (*Crocus alatavicus* L) фармакогностикалық талдауы және интродукциясының технологиялық аспектілері» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, химия ғылымдарының докторы, профессор Алиев Нысанали Ужетбаевичтің

ПІКІРІ

Зоя Бақбергенқызы Алламбергенованың диссертациялық жұмысының тақырыбы осы күнгі еліміздегі көкейкесті мәселелердің бірі Ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру, халықты қауіпсіз, тиімді және қолжетімді дәрілермен қамтамасыз етуге, осы орайда Қазақстан Республикасының аумағында өсетін дәрілік өсімдіктерді пайдалана отырып, нарықта отандық фитопрепараттар үлесін арттыруға негізделген. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста фармацевтикалық өндірістің тұрақты шикізат базасын және дәрілік өсімдік шикізатының тұрақты сапасын қамтамасыз ету үшін «Дәрілік өсімдіктерді өсіру мен жинаудың тиісті практикасы (GACP)» талаптарына сәйкес дәрілік өсімдіктерді мәдениетке енгізу әдістері қарастырылған. GACP және GMP халықаралық тиісті практикаларының талаптары шеңберінде өндіріске толық циклды енгізу дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз етеді, бәсекеге қабілеттілігін арттырады және отандық өндірушілерге сыртқы нарықтарға, оның ішінде ЕАЭО шеңберінде шығуға мүмкіндік береді.

Өсімдік шикізаты көздерінің номенклатурасын кеңейту, дәрілік шикізаттан фитосубстанциялар мен қазіргі заманғы фитопрепараттарды әзірлеу фармацевтикалық зерттеулердің перспективалық бағыты болып табылады. Бұл тұрғыда, ісікке, вирустарға, бактерияларға және ашытқы саңырауқұлақтарына қарсы белсенділігі бар және потенцияны жоғарылататын фармакологиялық әсерге ие, ежелден халық медицинасында қолданылып келе жатқан *Crocus* L. туысы өсімдіктерін кешенді зерттеу және мәденилендіру практикалық қызығушылық тудырады. Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан Республикасы аумағында өсетін Алатау бәйшешегіне (*Crocus alatavicus*) алғаш рет кешенді фармакогностикалық зерттеу жүргізілді және биологиялық белсенділіктері анықталды. Сонымен бірге, GACP принциптеріне сәйкес *Crocus alatavicus* өсімдігін тұқымнан көбейту әдісімен интродукциялаудың оңтайлы технологиясы жасалған. *Crocus alatavicus* өсімдік шикізатының сапа спецификациясы негізінде дәрілік өсімдік шикізатының нормативтік



құжаттамасының жобасы әзірленген. Фитосубстанцияның химиялық құрамын анықтау барысында заманауи физика-химиялық әдістердің кең спектрі, атап айтқанда, HPLC-ESI-QTOF-MS, RP- HPLC /PDA, ЯМР-МС, ГХ-МС әдістері қолданылған.

Crocus alatavicus шикізатын фармакогностикалық зерттеу нәтижелері фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника кафедрасының мен Люблин қаласы Медицина университетінің (Польша) фармацевтикалық микробиология кафедрасының оқу процесіне енгізілді.

Crocus alatavicus өсімдігін тұқымнан көбейту әдісімен интродукциялау технологиясының нәтижелері және GACP «Өсімдік тектес бастапқы шикізатты өсіру мен жинаудың тиісті практикасы» стандартының қағидаттарына сәйкес шикізатты дайындау «ФитОлеум» ЖШС-не енгізілді.

Алламбергенова З.Б. докторантурада педагогикалық шеберлігін оқытудың соңғы кезде қолданыс тапқан алдыңғы тәсілдерін: TBL, CBL, PBL және RBL қолдана отырып шындай түсті.

Диссертацияның негізгі қағидалары мен ғылыми деректері 16 ғылыми еңбекте жарық көрді, оның ішінде Scopus және Web of Science Core Collection дерекқорына кіретін 1 мақала, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы мақалалар саны - 5, ғылыми конференцияларда - 8 және пайдалы модельге патент алынған.

Зоя Бақбергенқызы өзіне қоятын жоғары талабымен, еңбекқорлығымен, критикалық ойлау қабілетімен, зерттеу жұмыстарын іске асыру барысындағы мұқияттылығымен, жұмыс нәтижелерін шығармашылықпен талдай білетіндігімен ерекшеленеді.

Философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Зоя Бақбергенқызы Аллаамбергенованың «Алатау бәйшешегінің (*Crocus alatavicus*) фармакогностикалық талдауы және интродукциясының технологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық еңбегі білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың қойылған мақсаттары, міндеттері, өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және нәтижелері 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді, авторы Зоя Бақбергенқызы Аллаамбергенова философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші,
Химия ғылымдарының докторы,
профессор



Н. У. Алиев